

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ
Д Е П У Т А Т Ы**

**Д Е П У Т А Т
СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы**

**Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,
E-mail: hat_senat@parlam.kz

20 ____ жылғы _____

от _____ 20 ____ года

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрі
Б.Б. Атамқұловқа**

Ауыл жолдарының жағдайы туралы

Құрметті Бейбіт Бәкірұлы!

Бүгінгі күні көкейтесті проблемалардың бірі – автомобиль жолдарының ағымдағы жағдайы. Мемлекет жолдардың сапасын жақсартуға көп қаражат бөліп отыр, жол-құрылыс компанияларына талаптар қатайтылды. Әйткенмен, проблемалар әлі де болса, баяу шешілуде. Әсіресе, ауылдық жерлерде.

Қанағаттанарлықсыз жағдайдағы жолдардың ең көп проценті Батыс Қазақстан, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарына тиесілі.

Солтүстік Қазақстан облысында автожолдардың жалпы ұзындығы – 9 мың км. Бұл көрстекіш бойынша СҚО республикада 3 орында.

Егер осы фактіні назарға алсақ, республикалық бюджеттен автожолдар желілерін реконструкциялау және жөндеу қаржы бөлуде елеулі үйлеспеушілікті байқауға болады.

Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу мен қайта жаңартуға 30 млрд.теңге бөлінді. Нәтижесінде 676 км жол жабындысы жөнделді. Осының арқасында 95 мыңға жуық тұрғыны бар 133 елді мекен арасындағы автожолдардың жағдайы жақсартылды.

Осылайша, қанағаттанарлық және жақсы жағдайдағы жол сапасының көрсеткіші бойынша 65 процентке дейін (*ел бойынша -71 процент*) қол жеткізілді.

Алайда, Уәлиханов және Ақжар аудандарына жұмыс сапарымыздың барысында Қулықөл, Жамбыл, Кішкенекөл ауылдарының тұрғындары аудандық, облыстық және республикалық маңызы бар жолдардың ағымдағы жағдайы сын көтермейтіндігін айтып, шағынды.

Атап айтқанда, Уәлиханов ауданы Қулықөл-Қаратал ауылдарының арасындағы ұзындығы 4 км жол (*тасқын кезінде жиі шайылып кетеді*), «Бидайық» шекара бекетінен Дәуіт ст. дейінгі учаске (*күрделі жөндеу талап етіледі*); Ақжар ауданы Ленинград және Дәуіт ауылдары арасындағы автожол учаскесіне 12 км күрделі жөндеу қажет.

Сізден жоғарыда көрсетілген жергілікті маңызы бар жолдарды және ұзындығы Көкшетау-Омбы республикалық жолының 150 км Дәуіт-Бидайық учаскесін күрделі жөндеу үшін қажетті қаражат бөлуге ықпал етуіңізді өтінеміз.

Осы хатқа қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының Депутаттары**

**Е.Сұлтанов
О.Перепечина**

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Депутаттары**

**А.Тасболатов
С.Звольский
К.Мұсырман
П.Шарапаев**

*орынд. Скаков А.
тел. 74-73-13*

Келісу шешімдері

14.02.2020 17:05:28: Перепечина О. В.(Қаржы және бюджет комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

Қол қою шешімі

14.02.2020 17:12:18 Султанов Е. Х.. Қол қойылды



010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ исх: 03-26/Д-568-И от: 17.03.2020

№ вх: 1086/7-11-95/03-26/Д-568-И от: 17.03.2020

№

2020 жылғы 14 ақпандағы
№ 7-11-95 хатқа

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттары
О.В. Перепечинаға, Е.Х. Сұлтановқа

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
А.Б. Тасболатовқа, С.А. Звольскийге,
К.И. Мұсырманға, П.А. Шарапаевқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Сіздің Солтүстік Қазақстан облысының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына жөндеу жүргізуге қатысты хатыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Даут ауылынан Бидайық ауылына дейінгі автожолды күрделі жөндеуге қатысты

Даут ауылынан Бидайық ауылына дейінгі учаске республикалық маңызы бар «Көкшетау - Кішкенекөл - Бидайық – РФ шекарасы» автомобиль жолы арқылы өтеді.

2015-2019 жылдар аралығында осы автожолдың техникалық жай-күйін қалпына келтіру мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жалпы ұзақтығы 135 км учаскелерге, оның ішінде Даут ауылынан Бидайық ауылына 29 км учаскеде орташа жөндеу жүргізілді.

Сонымен бірге, бюджеттік қаражаттың қалыптасуына қарай ағымдағы жылдан бастап кезең-кезеңімен осы автожолды күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеуді бастау жоспарлануда.

Күрделі жөндеу жобаларын 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет шеңберінде іске асыру жоспарлануда.

Жөндеу жүргізілгенге дейін автожолдың техникалық жай-күйі күтіп ұстау шеңберінде сақталатын болады.

Құлықөл-Қаратал және Ленинград-Дәуіт елді мекендерін қосатын автожолдарды жөндеуге қатысты

Жалпы ұзақтығы 4 км болатын «Құлықөл-Қаратал» аудандық маңызы бар автожолы IV техникалық санатқа жатады және қиыршық тас жабынды болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің деректері бойынша ағымдағы жылы осы автожолдың барлық ұзақтығына орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда, оған республикалық бюджеттен 131 млн. теңге көзделген.

Орташа жөндеу шеңберінде жер төсемінің зақымдалуын түзету, жол жамылғысын қалпына келтіру, сондай-ақ су өткізу құрылыстарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау жоспарлануда.

Ленинград ауылынан Даут ауылына дейінгі учаске «Казгородок-Горьковское» облыстық маңызы бар автомобиль жолы арқылы өтеді.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің деректері бойынша бүгінгі күні жалпы ұзақтығы 12 км болатын Ленинград және Дәуіт елді мекендерінің арасындағы автожол учаскесін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттамалар бар.

Осы жобаны іске асыру республикалық және жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен 2021 жылдан бастап жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

Қ. Өскенбаев